

2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 маусымдағы № 108 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Түркістан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Түркістан облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Д. Сатыбалды

Түркістан облысы әкімдігінің
2024 жылғы 10 маусымдағы
№ 108 қаулысына қосымша

2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 30.01.2025 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

				2024-2025 оқу жылына арналған	Оқу жылы/жылына 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағыттарының коды және атауы	Білім беру бағдарламалары тобының коды және атауы	мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі	ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
1	6B10 Денсаулық сақтау	6B0101 Денсаулық сақтау	B086 Жалпы медицина	15	1 230 700	1 218 300
2	6B06 Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	6B061 Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	B 0 5 7 Ақпараттық технологиялар	35	1 111 400	1 009 600
3	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	7R011 Денсаулық сақтау	R032 Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)	20	1 939 900	1 811 300
4			R017 Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)	18	1 939 900	1 811 300
5			R019 Ангиохирургия (ересектер, балалар)	7	1 939 900	1 811 300
6			R023 Балалар хирургиясы	5	1 939 900	1 811 300
7			R004 Гастроэнтерология (ересектер, балалар)	6	1 939 900	1 811 300
8			R005 Гематология (ересектер)	1	1 939 900	1 811 300
9			R012 Дерматовенерология (ересектер, балалар)	6	1 939 900	1 811 300

10			R021 Ж а қ сүйек-бет хирургиясы (ересектер, балалар)	1	1 939 900	1 811 300
11			R001 Кардиология (ересектер, балалар)	7	1 939 900	1 811 300
12			R018 Кардиохирург ия (ересектер, балалар)	4	1 939 900	1 811 300
13			R042 Клиникалық фармакология	2	1 939 900	1 811 300
14			R020 Нейрохирург ия (ересектер, балалар)	6	1 939 900	1 811 300
15			R031 Неонатология	7	1 939 900	1 811 300
16			R009 Нефрология (ересектер, балалар)	2	1 939 900	1 811 300
17			R024 Онкология (ересектер)	14	1 939 900	1 811 300
18			R006 Онкология ж ә н е гематология (балалар)	1	1 939 900	1 811 300
19			R030 Педиатрия	5	1 939 900	1 811 300
20			R014 Радиология	9	1 939 900	1 811 300
21			R002 Ревматология (ересектер, балалар)	5	1 939 900	1 811 300
22			R025 Травматологи я-ортопедия (ересектер, балалар)	5	1 939 900	1 811 300
			R040			

23			Физикалық медицина және реабилитация (ересектер, балалар)	3	1 939 900	1 811 300
24			R008 Эндокринология (ересектер, балалар)	5	1 939 900	1 811 300
Барлығы:				189		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК